



Экологиялық құқық / Environmental Law/
Экологическое право

ҒТАР 10.59.41

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-151-2-185-197>

Ғылыми мақала

Жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және
биоценодикалық аспектілері

Г.Б. Телеуев^{*1}, А.Е. Бектурганов², Б.А. Жусипова²

¹ І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ²bakyt-enu@yandex.kz)

Аңдатпа: Ұсынылып отырған ғылыми мақалада жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және биоценодикалық аспектілері талқыланады. Жануарларды қорғау мәселесі экологиялық тұрақтылық пен биологиялық алуан түрлілікті сақтау үшін аса маңызды. Құқықтық реттеу жүйесінің жануарлардың қорғалуы мен олардың мекендейтін ортасын сақтау үшін үлкен мәні бар. Қазіргі уақытта заңнамалық деңгейде жануарларды қорғау, оларды пайдалану және саудаға шығару, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық балансын сақтау жөніндегі нормалар қарастырылған. Экологиялық аспектілер жануарлар дүниесін қорғау мен сақтау шараларының, табиғат қорғау заңнамаларының жүзеге асырылуын қамтиды. Ал биоценодикалық аспектілер жануарлар мен өсімдіктер арасындағы өзара байланыстарды сақтап, олардың тіршілік ету шарттарын тиімді қамтамасыз етуге бағытталған. Мақалада жануарлардың құқықтық қорғаудың негізгі принциптері, табиғаттың биологиялық тепе-теңдігін сақтау мақсатындағы құқықтық механизмдер мен шаралар ұсынылған. Осы тұрғыдан, бұл зерттеу жануарлардың құқықтық режимін жақсарту бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679495 «Жануарлардың құқықтық режимін регламенттеу мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибе» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

Түйін сөздер: жануарларды қорғау, экологиялық тұрақтылық, биоценодика, құқықтық реттеу, табиғат қорғау заңнамасы, биологиялық алуан түрлілік.

Түсті: 29.01.2025 Мақұлданды: 08.03.2025 Онлайн қолжетімді: 30.06.2025

Кіріспе

Жануарлар дүниесін құқықтық реттеудің экологиялық және биоцентикалық мәселелері заманауи жағдайда маңызды мәселе болып табылады.

Әлемдегі қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі соңғы 25 жылда қарқынды түрде өсті, әсіресе биоәртүрлілік ең жоғары дамушы елдерде аса байқалады. Қорғалатын табиғи аумақтардың миссиясы биоәртүрлілікті сақтаудан адамның әл-ауқатын жақсартуға дейін кеңейді. Сонымен қатар, жер бетіндегі халық санының артуы, урбанизация және экономикада технологияның дамуы жануарлар дүниесіне антропогендік ықпалдың күшеюіне себеп болып отырғандықтан биологиялық әралуандылықты табиғи қалыпта ұстау мәселесі өзекті болады. Бұл бағыт жануарларды нақты жекелеген жануарлар түрінен қорғау мен табиғи ортада олардың санын сақтап қалу мәселесімен тығыз байланысты[1].

Атап өтетін мәселе, жануарлар әлемі табиғи ортаның ажырамас бөлігі болып табылатынын мойындай отырып және экологиялық жүйелер тізбегіндегі ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Сонымен бірге, жануарлар әлемі азық-түлік, өнеркәсіптік, техникалық, дәрілік шикізат және басқа да өмір сүру үшін қажет болып табылатын құндылықтардың бірі ретінде қарастырыла отырып экономикалық маңыздылығы жоғары. Сондықтан балық аулау және басқа да аулау түрлері үшін табиғи ресурс ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, ол үшін жануарларды қорғауға тікелей байланысты нақты саясат пен тетіктер қамтамасыз етілуі тиіс. Жануарларды жою, олардың өмір сүру жағдайларына зиян келтіру кезінде белгілі бір түрлер толығымен жойылып кетуі және оларды қалпына келтіру шығыны екі еселенуі мүмкін. Керісінше, жануарлар санын реттеу, жойылып кету қаупі төнген түрлерді өсіру шараларын қабылдау, жануарлар әлемінің өмір сүру жағдайларын сақтау олардың жаңаруына және қалпына келуіне ықпал етеді.

Соңғы жылдарда дүниежүзі мемлекеттерінде биологиялық әралуандылықтың жекелеген түрлерін қорғау мәселелері халықаралық деңгейде өзекті болып келеді. Биологиялық әралуандылықтың элементтері мен компоненттеріне қарай олардың сипаты мен реттеу нысанасы да ерекше болып табылады. Халықаралық келісімдердің он шақты жылдар бұрын күшіне енгеніне қарамастан әр түрлі мемлекеттерде құқық қолдану ерекшелігіне қарай құқық қолдану жөніндегі қызмет тұрақты жұмыс істейтін органдардың соңғы ұстанымдарын және бұрын қойылған және қол жеткізілген мақсаттарды ескере отырып әзірленген. Қазіргі өзгермелі әлемде биологиялық әртүрлілік және оның компоненттері ретінде қауіптер көбейіп келеді. Сол себептен де экологиялық ғылымның дамуы және биологиялық процесті сақтап қалудың маңыздылығы экожүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Соңғы жылдарда биоценоз бен экосистеманы зерттеу заңнамалық тәжірибеде ерекше орынды иеленді. Жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және биоценетикалық мәселелеріне қатысты бастапқы қадам биологиялық әралуандылық жөнінде конвенция болды. Осы халықаралық құжаттың негізінде биологиялық әралуандылықты сақтап қалу мен экожүйенің жағдайын жақсартуда ұлттық заңнамалар мен тетіктердің жүйесі жасалынды. Конвенцияның екінші бабына сәйкес биологиялық әралуандылық тірі организмдердің барлық түрлерінің соның ішінде құрлық, теңіз, басқа да экожүйелер мен

олардың құрамына енетін экологиялық кешендердің өзгергіштіктерін білдіреді. Жалпы қарпайым тілмен айтқанда жер бетіндегі организмдердің түрлілігі. Олардың санының вариациясының өзгеруі ол қоршаған ортаға қауіпті болғандықтан бұл мәселе адамзат алдында тұрған маңызды мәселе болып табылады, оларды шешудің амалдарын ұсыну қажет.

Әдіснама

Ұсынылып отырған зерттеуді дайындау барысында құқықтың жалпы әдістері, соның ішінде тарихи құқықтық әдістері қолданылды. Тарихи құқықтық әдістер Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында экологиялық және биоценодикалық мәселелерін зерттеу үшін және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасының даму бағыттарын болжау үшін қолданылды. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау барысында матрикс технологиясы қолданылды. Жинақталған ғылыми әдебиеттерге ғылыми саралау жасау кезінде жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға өту әдістері, аналогия әдістері қолданылды. Жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және биоценодикалық аспектілерін зерттеу әдістемесі кешенді тәсілге негізделеді. Біріншіден, ұлттық және халықаралық құқықтық базаларға теориялық талдау жасалып, Қазақстан Республикасының жануарлар әлемін қорғау туралы заңдары мен БҰҰ биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі келісімдері зерделенеді. Екіншіден, шет елдер тәжірибелерімен салыстырмалы құқықтық талдау жүргізіліп, халықаралық нормалардың ұлттық заңнамаға ықпалы анықталады. Үшіншіден, қоғамдық пікірді зерттеу үшін сауалнамалар мен сұхбаттар ұйымдастырылады, бұл халықтың құқықтық түсінігін және экожүйелерді қорғауға байланысты шараларға көзқарасын бағалауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, қоршаған ортаны қорғау органдарынан алынған статистикалық мәліметтер негізінде эмпирикалық талдау жасалып, құқықтық реттеудің тиімділігі бағаланады. Соңында, барлық алынған деректер жүйелі тәсіл арқылы біріктіріліп, жануарлар әлемін қорғау және биоценозды сақтау бойынша құқықтық режимді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасалады. Бұл әдістеме экологиялық және биоценодикалық жүйелерді қорғаудағы құқықтық шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Нәтижелер мен талқылау

Түрлердің әртүрлілігі жаһандық экожүйенің тепе-теңдігін сақтайды. Бізге өмір сүру үшін қажет нәрсенің бәрін, соның ішінде тамақ, су, киім, дәрі-дәрмек және баспана береді. Әлемдік ЖІӨ-нің жартысынан көбі табиғи ресурстарға тікелей байланысты. Миллиардтан астам адам тіршіліктің көзі ретінде ормандарға сүйенеді. Жүздеген миллион адамдар үшін теңіздер осындай қайнар көз болып табылады. «Биологиялық әртүрлілік» тірі организмдердің барлық көздерден, соның ішінде құрлықтағы, теңіздегі және басқа да су экожүйелерінен және олар құрамына кіретін экологиялық кешендерден өзгергіштігін білдіреді. Бұл ұғым түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы әртүрлілікті және экожүйелердің әртүрлілігін қамтиды[2].

Сарапшылардың пайымдауынша, биологиялық әралуандылық ережелері осы ережелерді имплементациялау бірқатар қиындықтарды енсесу арқылы жүзеге

асты. Мәселен, Жануарлар құқықтары Жануарлар құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген (Париж, 1978) Конвенция тараптары конференциясының алтыншы отырысында оның ережелерін жүзеге асырудағы проблемалар мен кедергілер, атап айтқанда саяси ерік-жігердің жоқтығы; шектеулі адами ресурстар мен техникалық әлеуеттің әлсіздігі, ақпараттың тиімсіз алмасуы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы шектеулі халықаралық ынтымақтастық, әлеуметтік-экономикалық қысым, сондай-ақ онымен байланысты өзекті проблемалар атап өтіліп, климаттың өзгеруі және табиғи апаттар конвенцияның басқа құжаттарында ұлттық мақсаттарды әзірлеудегі проблемалар және орнықты халықтың пікірлері мен мәселелерін есепке алудың жеткіліксіздігі туралы айтылады[3].

Осы конвенцияның ережелерін отандық заңнамаға имплементациялау үшін Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасының биологиялық сан алуандылық туралы Конвенцияны мақұлдауы және онда көзделген міндеттемелерді орындауды ұйымдастыру жөнінде» 1994 жылғы 19 тамызда ҚР Министрлер кабинетінің №918 қаулысы қабылданды. Аталған қаулының мақсаты конвенцияның ережелеріне сәйкес мақсаттарға қол жеткізу арқылы биологиялық әралуандылықты сақтау, оның құрамдас бөліктерін тұрақты пайдалану, қаржыландыру арқылы тиісті технологияларды беру жолымен генетикалық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету. Осы қаулыда биологиялық әралуандылық тірі организмдердің барлық көздерінің яғни құрлықтағы, теңіздегі, басқа да су экожүйелердің және соның құрамына енетін экологиялық кешендердің өзгергіштігін және түрлер мен экожүйелердің әртүрлілігін білдіреді [4].

Жануарлар дүниесінің экологиялық және биоценетикалық жағдайларын жақсартуға жанама түрде ықпал ететін халықаралық құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы бола алады. Себебі бұл конвенцияда әлемдік климат өзгерісіне қарсы күресу құралдары қарастырылып, қоршаған ортаға шығарылатын парниктік шығындылардың көлемін азайту мен қоршаған ортаға антропогендік ықпалды төмендету тетіктері қамтылған. Қазақстан Республикасы бұл конвенцияны 1995 жылы 4 мамырда ратификациялады[5].

Сонымен жануарлар дүниесі құқықтық режимінің экологиялық және биоценетикалық аспектілерінің өзектілігін негіздеу үшін алдымен Қазақстан Республикасы жағдайында биологиялық әралуандылықтың маңызын ашып көрсеткен жөн. Қазақстан фаунасында омыртқалы жануарлардың 846 түрі, оның ішінде сүтқоректілер – 178, құстар – 499 (оның ішінде 396 ұя салатын; осы 499-ға кірмеген тағы 38 түрдің кездесулері растауды талап етеді), бауырымен жорғалаушылар- 51, қосмекенділер- 11, балықтар- 104 және раундтар -3 түрі сенімді түрде атап өтілді. Елде екі маңызды көші - қон жолы өтеді- Батыс Сібір- Африка және Орталық Азия-Үнді, олар арқылы жыл сайын миллиондаған құстар ұшады; халықаралық маңызы бар 121 танылған негізгі орнитологиялық аумақ Қазақстанның құстарды сақтау үшін жаһандық маңыздылығын растайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда Омыртқасыздардың кемінде 80 000 түрі, оның ішінде 28 отрядқа жататын жәндіктердің кемінде 60 000 түрі мекендейтіні анықталды. Бұл ретте бірқатар топтар бойынша тізімдер өте толық емес. Қазақстан тау-кен экологиялық жүйелерінің алуан түрлілігіне және биологиялық түрлердің алуан түрлілігіне ие, территориясы ауқымды және ерекше климаттық жүйені қамтитын мемлекет. Елімізде әсіресе саңырауқұлақ эндемизмінің жоғары деңгейімен танымал; 5000-нан астам түрдің 120-дан астамы эндемикалық

болып табылады. Қазақстан сондай-ақ өзінің ең бай қазба флорасы және фаунасымен танымал. Кейбір өкілдері жасы 420 миллион жыл шамасында ең көне түрлерінің бірі болып табылады. Мемлекетіміздің жер бетінің бес пайыздан астамы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады. Қазақстанның биоалуантүрлілігіне урбанизация, минералдық ресурстарды өндіру, заңсыз аң аулау, аңшылық, қоршаған ортаның ластануы және ауыл шаруашылығын жүйесіз ұйымдастыру нәтижесінде тіршілік ету ортасының бұзылуына байланысты үнемі қауіп төніп тұрады. Сирек кездесетін тұяқты жануарлардың және басқа да көптеген түрлердің популяциясын қорғау әдістерінің жақсарғанына қарамастан азайып келеді [6].

Біздің пікірімізше талдау жасалынған ақпараттар негізінде жануарлар дүниесі құқықтық режимінің экологиялық және биоценодикалық мәселелері жануарлар дүниесінің санын реттеумен тығыз байланыстыруға болады. Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесінің санын реттеуде кеңестік заңнаманың ықпалы болғаны мәлім.

Алғаш рет «жануарлар санын реттеу» ұғымы РСФСР-дің 1978 жылғы 8 қыркүйекте қабылданған Орман кодексінің 83-бабында аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін орманды пайдалану тәртібі пайда болды, онда жануарлардың орман және ауыл шаруашылығына зиян келтірмеуі үшін орман алқаптары үшін рұқсат етілген тығыздық шегінде ормандардағы жануарлар санын реттеу қажеттілігі айтылды [7].

Динамикалық үрдістерге сәйкес жануарлар дүниесінің санын мемлекеттік құқықтық реттеу үнемі жетілдіріліп отырады. Оның басты себебі, жануарлардың саны мен популяциясын мемлекеттің қадағалауында ұстау болған еді. Жануарлар дүниесінің санына мемлекеттің ықпал етуіне қол жетімділігі, осы уақыттан бастап биологиялық әралуандылық пен экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жануарлар санының ықпалы ғылыми негізделе бастаған еді. Себебі, жануарлар дүниесінің әралуандылығы ең алдымен биосфераның негізгі процесі- заттар мен энергияның биотикалық айналымы үшін маңызды орынды иеленді. Өсімдіктерге байланысты жануарлар өз кезегінде, олардың өмірін, топырақтың құрылымы мен құрамын, ландшафттардың пайда болуы мен қалыптасуына ықпал еткені мәлім. Жануарлар белсенді және қозғалмалы элемент ретінде біздің планетамыздың ең күрделі өзара байланысты экожүйелеріндегі тұрақтылық негізінен анықталды [8]. Осылайша ғылымда жануарлардың экологиясы ұғымының маңызы артты.

Т.А.Дауда өзінің еңбегінде жануарлар экологиясын келесі жануарлардың қоршаған ортамен қарым-қатынастарын ғана емес сонымен қатар олардың тарихи негізде қалыптасуына қатысы бар қатынастарды да зерттеп, келесі компоненттерді құрайды деп көрсетті:

- қоршаған ортамен жан-жақты байланысты, олардың дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін жеке тұлғалардың әр түріне тән бейімделулер мен арақатынастар жүйесі;
- түршілік қатынастар және оның популяциясының түрге тән құрылымы; соңғысы оның өмір салтын (жалғыз, отарлық, табындық), тіршілік ресурстарын пайдалану тәсілін, түрдің көбеюі мен қоныстануын анықтайды, нәтижесінде оның санының деңгейі мен динамикасының сипаты;
- заттардың биогендік айналымын қамтамасыз ететін көптеген өзара бейімделулермен байланысқан әртүрлі түрлер популяциясы қауымдастығының жер бетінің әртүрлі бөліктеріндегі әртүрлілігінің жүйесі [8].

Жануарлар дүниесінің санын құқықтық реттеуді одан әрі қарай жетілдіру «Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы» 1980 жылдың 25 маусымындағы КСРО Заңының 18-бабында қарастырылды. Аталған бапта «жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі іс-шаралар жануарлардың басқа да түрлеріне зиян келтірмейтін және тіршілік ету ортасының сақталынуына кепілдік беретін жүзеге асыру міндеті қарастырылды»[9].

Аталған норманы талдайтын болсақ жануарлар дүниесі санын реттеу үшін негізгі екі қағиданы басшылыққа алу керектігін түсінеміз:

– Ең бірінші жануарлар дүниесі санын реттеу үшін олар басқа жануарлар мен қоршаған ортаға зияны тимеуі тиіс;

– Екіншіден реттеу тіршілік ортасының сақталуына теріс әсер етпеуі тиіс.

Алайда «Жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу» ұғымы бірде-бір нормативтік құқықтық актіде қарастырылмады.

Біздің пікірімізше, жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу-жануарлар дүниесін және олардың мекендеу ортасын қорғау, сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларының ауруларынан қорғау, ауыл шаруашылығына залал келтірудің алдын алу мақсатында жануарлар дүниесінің санын ретке келтіруге бағытталған іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жануарлар дүниесі санын реттеуде Қытайдың тәжірибесіне сүйенетін болсақ, жойылып кету қаупі төнген түрлердің жойылып кетуіне жол бермеу тұрғысынан қытайлық ғалымдар дәстүрлі түрде «генетикалық сақтау» моделін қабылдады, онда жабайы жануарлар мен өсімдіктер жасанды түрде өсіріледі, ал жабайы жануарлар мен өсімдіктердің гендерін сақтау үшін генетикалық кітапханалар құрылды. Оларды түрлердің санын көбейту мақсатында қолданысқа енгізді [10]. Мысалы, Қытайдың «Жабайы табиғатты қорғау туралы» Заңының 17-бабында (2022 жылы қайта қаралған) «жабайы табиғаттың генетикалық ресурстарының ұлттық гендік банкі қалыптастырылады және Қытайдан шыққан бағалы және жойылып кету қаупі төнген жабайы табиғаттың генетикалық ресурстарын қорғау мемлекеттің қарамағында делінген»[11].

Бұл дәстүрлі генетикалық сақтау моделінің артықшылығы – ол жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің гендерін жан-жақты сақтайды және биоәртүрлілікті сақтайды, бірақ ол түрге төнетін қауіптердің себептерін толық шешпейді және жойылып кету қаупі төнген түрлердің статус-квосын өзгертпейді. Дегенмен, генетиканы өңдеудің заманауи технологиясының дамуымен биолог ғалымдар генді өңдеу арқылы белгілі бір гендер тізбегін өзгерту, жою немесе енгізу және өсімдіктер мен жануарлардың жергілікті днк-ларын өзгерту арқылы олардың өсімдіктер мен жануарларда ауру тудыру мүмкіндігін болдырмайтынын анықтады. Ол организмдердің төзімділіктерін арттырады және өлімді айтарлықтай төмендетеді екен.

Жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарларды қорғау және өсіру үшін генді өңдеу технологиясын қолдану шынымен де жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлардың зиянкестер мен аурулардың шабуылына ұшырау қаупін азайтуға және олардың ауруларға төзімділігін арттыруға көмектесетінін асыға күткен жөн. Жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарларды құтқару және жойылып кету қаупі төнген түрлердің жойылуын азайту үшін үлкен маңызға ие. Дегенмен, өсімдіктер мен жануарлардың гендерін өңдеудің экологиялық тепе-теңдік пен биоәртүрлілікті сақтауға

әсері де ғалымдар генді өңдеу бойынша зерттеулер жүргізу кезінде шұғыл түрде бетпелі келуі қажет мәселе болып табылады[12].

Тәжірибеде байқағанымыздай жануарлар санын мемлекетті реттеу олардың азаюы олардың жойылуының себептері көбінде аймақтардағы экологиялық ахуалдарға да байланысты болады екен. Қоршаған ортаның экожүйесіне антропогендік ықпалдың болуы мен өзгерістер жануарлардың табиғи жағдайда өмір сүруіне елеулі зиян келтіретіндіктен олардың сандарының азаюы өзектілігін көрсетеді. Мәселен, ормандардың санының азаюы, батпақтардың кебуі, ағынды сулардың тартылуы, өзендердің және көлдердің ластануы, жануарлардың өмір сүру сапасына теріс ықпал ететіні мәлім. Осындай зардаптар тіпті аң аулауға тыйым салу әдісін қолданғанның өзінде де ақталмайды. Осы жерде жануарлар дүниесі құқықтық режимінің экологиялық және биоценетикалық мәселелерін зерттеу қажет және тиісті шаралар жүйесі заңнамалық деңгейде бекітілуі тиіс деген сұрақ туындайды[13].

Нәтижелер

Жануарлар дүниесінің санын мемлекеттік құқықтық реттеудегі заңнамалар қалыпты экожүйені қорғауда ғана емес, сонымен қатар жойылған жүйелерді қалпына келтіргенде маңызға ие. Экологиялық компенсациялар экожүйені қалыпқа келтіруде маңызды орынды иеленеді және «жасыл дәліздерді» құру жобалары жануарлар дүниесі санын табиғи қалыпқа келтіруге және биосфераны сақтауға ықпал етеді. Осы іспеттес бағдарламалар халықаралық деңгейде кеңінен қолданылады және табиғи аймақтарды қалыпқа келтіру үшін экологиялық қорлар мен ресурстарды қалыптастыру тиімділігін көрсете алады[14].

Жануарлар санының азаюына олардың эпидемиялық аурулары да себеп болады. Эпидемия мен пандемия қаупі туындаған жағдайда біздің ойымызша, жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеуге басқа қолданылған құралдар алдағы эпидетті жеңуге көмектеспеген төтенше жағдайларда ғана міндетті түрде ғылыми ұйымдардың қорытындылары болған кезде жүгінген жөн.

Қазіргі қоғамның міндеті- планетада тіршілік ететін жануарлардың барлық түрлерін ұрпақ бойына сақтап қалу және өз түрлерін аштықтан және әртүрлі аурулардан қорғау. Сондықтан халықаралық және ұлттық заңнамада тұрақты даму қағидатын іске асыру аясында арнайы бағыт-иветеринарлық заңнама қалыптасты. Оның мақсаты- әртүрлі эпизоотияларды есепке алу, жануарлардың ауруының алдын-алу, диагностикалау және емдеу құралдары мен әдістерін анықтау, жануарлар мен жануарлардан алынатын өнімдердің ветеринариялық-санитариялық сапасы мен қауіпсіздігін оларды қолданудың әртүрлі кезеңдерінде анықтау, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету[15].

Қазақстан Республикасында жануарлар санын реттеу «Жануарлардың санын реттеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен реттелінеді. Аталған бұйрықта жануарлардың санын реттеу мақсаттары мен негіздері аталған. Яғни жануарлар дүниесінің санын реттеу жануарлардың ауруларын болдырмау, экономикалық дамуы мен биологиялық әралуандылықты сақтау үшін жүргізіледі делінген. Ғылыми құқықтық тұрғыдан осы

бұйрыққа талдау жасайтын болса, ең біріншіден отандық заңнамада жануарлар санын мемлекеттік реттеу ұғымы заңдық тұрғыдан анықталмағанын байқаймыз. Демек, заңнамалық деңгейде жануарлар санын реттеу ұғымы енгізілуі керек. Екіншіден, жануарлар санын мемлекеттік реттеу барысында нақты ғылыми негізделген қағидалар басшылыққа алынуы тиіс. Ондай қағидалар жүйесі отандық заңнамада жоқ. Жануарлар санын реттеудің бекітілген тетігінің заңнамада анықталмауы осы саладағы қарама-қайшылықтардың туындауына алып келуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ақбөкендердің санын мемлекеттік реттеу шаралары назар аударуды қажет етеді. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша ағымдағы жылы киіктердің негізгі Орал популяциясының саны 1,6 млн. асты, ал Батыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының бағалауы бойынша – 2,5 млн. басты құрайды. Ғалымдардың айтуынша, шаруа қожалықтары үшін ақбөкендердің оңтайлы саны және осы аймақтағы ақбөкендердің популяциясын сақтау – 500 мыңнан аспауы керек. Сол себептен де мемлекеттік деңгейде киіктерді атуға рұқсат берілген болатын. Ақбөкендер санының күрт өсуінің салдары – бұл аймақтағы шаруалардың қызметіне теріс ықпал етеді. Киіктердің санының артуына байланысты дәстүрлі маршруттар бойынша қоныс аударып, шаруа қожалықтары егілген егіс алқаптарына, шабындық және жайылымдық жерлерге кіріп, фермерлерге айтарлықтай зиян келтіріп олардың барынша шығынға ұшырауына себеп болады екен. Сарапшылардың пікірінше, көктем-жаз кезеңінде әр ақбөкен күніне 6-7 кг шөп тұтынады, яғни 2 миллион ақбөкен үшін жылына шамамен 100 мың тонна шөп қажет. Орташа алғанда, күн сайын әр ақбөкен 5 литр су ішеді, яғни бұл 2 млн. ақбөкен көктем-күз кезеңінде өңірдің су ресурстарын 2,4 млн. тоннаға қысқартады[16].

Ақбөкендер санын реттеудің қолданып отырған әдісі қаншалықты экологиялық және биоценетикалық тепе-теңдікті сақтап қалуға ықпал ететіні даулы мәселе. Тіпті отандық ғалымдардың өзі ақбөкендер санын реттеудің баламалы әдістерінің бар екенін мойындап отыр. Осы ретте жануарлар санын мемлекеттік реттеу саясатының тиісті деңгейде қалыптаспағандықтан жануарлар санын реттеудің қолжетімді құралдары ғана қолданылып келеді. Ол қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігіне теріс ықпал етуі де мүмкін. Сол себептен де, жануарлар экологиялық және биоценетикалық аспектілерді құқықтық ғылыми деңгейде зерттелуі қажет деген қорытындыға келеміз[17].

Қорытынды

Соңғы жылдарда дүниежүзі мемлекеттерінде биологиялық әралуандылықтың жекелеген түрлерін қорғау мәселелері халықаралық деңгейде өзекті болып келеді. Биологиялық әралуандылықтың элементтері мен компоненттеріне қарай олардың сипаты мен реттеу нысанасы да ерекше болып келеді. Халықаралық келісімдердің он шақты жылдар бұрын күшіне енгеніне қарамастан әр түрлі мемлекеттерде құқық қолдану ерекшелігіне қарай құқық қолдану жөніндегі қызмет тұрақты жұмыс істейтін органдардың соңғы ұстанымдарын және бұрын қойылған және қол жеткізілген мақсаттарды ескере отырып әзірленген. Қазіргі өзгермелі әлемде биологиялық әртүрлілік және оның компоненттері ретінде қауіптер көбейіп келеді. Сол себептен де экологиялық ғылымның дамуы және биологиялық процесті сақтап қалудың маңыздылығы

экожүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Соңғы жылдарда биоценоз бен экосистеманы зерттеу заңнамалық тәжірибеде ерекше орынды иеленді.

Жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және биоценодикалық мәселелерін зерттеу нәтижелері жануарларды қорғауда құқықтық, экологиялық және биоценодикалық аспектілерді қамтитын кешенді шаралар жүйесінен тұруы қажет деген қорытынды жасауға негіз бар. Биоэталуандылықтың жойылуы мен жаһандық климат өзгеруі секілді ғаламдық қауіптер орын алып тұрған жағдайда жабайы жануарларды тек сақтап қалудың ауқымды түрдегі шаралармен жүзеге асыру қажет деген қорытынды жасауға болады. Бұл жердегі түсінуге қажет ең маңызды мәселе жануарлардың әрбір түрі ол биоценоз бен қоршаған ортаның ажырамас бөлігі болып табылатынын жақсы түсінуіміз керек. Жануарлардың құқықтық режимі өзара байланыстарға ие экожүйенің элементтері ретінде жануарларды қарастыра отырып зерттелінуі керек. Яғни заңнама жануарлардың тек бір жекелеген түрлерінің сақталуына ғана ықпал ететін құрал ретінде қарастырмай, жалпы экологиялық ахуалдың жақсаруына септігін тигізетін тетіктер ретінде жасалынуы тиіс.

Авторлардың қосқан үлесі

Телеуев Г.Б. – жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық және биоценодикалық аспектілерін зерттеу бойынша маңызды үлес қосты. Оның негізгі рөлі зерттеудің әдіснамалық негіздерін әзірлеу және қазақстандық және халықаралық құқықтық нормаларға салыстырмалы талдау жасау болды. Автор экологиялық жүйелер мен биоценоздарды қорғау мәселелері бойынша теориялық және құқықтық аспектілерді терең зерттеп, заңнамалық олқылықтарды анықтау және оларды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берді. Сонымен қатар, Телеуев Г.Б. ғылыми зерттеудің әр кезеңін үйлестіріп, алынған деректердің жүйелілігін қамтамасыз етті, сондай-ақ ұсынылған нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығын арттыруға бағытталған талдаулар жүргізді. Оның жетекшілігімен құқықтық реттеуді жетілдірудің жаңа тәсілдері ұсынылып, жануарлар әлемін қорғау саласындағы ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша маңызды ұсыныстар жасалды.

Бектурганов А.Е. – заңнамалық нормаларды талдауда әсіресе халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын салыстыруда жетекші рөл атқарды. Сонымен қатар, Бектурганов А.Е. биоценоздардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және жануарлар әлемін қорғау мәселелеріне қатысты нақты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірледі. Оның ғылыми еңбегі экологиялық тепе-теңдікті сақтау және жануарлардың құқықтық мәртебесін жетілдіру жолындағы теориялық тәсілдер мен практикалық шешімдерді ұсынуда көрініс тапты. Зерттеудің нәтижелілігін арттыру үшін ол аналитикалық әдістерді жетілдіріп, жануарлардың құқықтық режимінің экологиялық аспектілерін кешенді бағалау бойынша ұсыныстар жасады. А.Е. Бектургановтің зерттеу барысындағы белсенділігі алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырып, оларды экологиялық құқықты әрі қарай дамытуда қолдануға мүмкіндік берді.

Жусипова Б.А. – Зерттеу барысындағы белсенділігі алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттыруға қорытынды бөлімінде тұжырымдар жасады. (ғылыми деректерді зерттеу, нәтижелерін айқындау, жүйеге келтіру). Жануарлар әлемін қорғау мәселелерін құқықтық реттеуге бағытталған заң актілеріне талдау жасалды,

заңнамалық олқылықтарды анықтау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарын әзірледі. Зерттеудің нәтижелігін артыру үшін аналитикалық, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістеріне қолданды.

Әдебиеттер тізімі

1. Naughton-Treves, Lisa & Holland, Maggie & Brandon, Katrina. (2005). The Role of Protected Areas in Conserving Biodiversity and Sustaining Local Livelihoods. Oct Annu. Rev. Environ. Resour. 17.219-52. 10.1146/annurev.energy.30.050504.164507(SCOPUS DATABASE JOURNAL)
2. Конвенция о биологическом разнообразии — международное соглашение, принятое в Рио-де-Жанейро 5 июня 1992 года.//https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml (өтініш берген күні: 09.05.2025)
3. Мукашева А.А., Ибраев А.С., Болатбекова И.К. Соблюдение баланса свободы вероисповедания и прав животных. Вестник Евразийского национального университета имени Гумилева Л.Н. Серия Право. – Астана, 2023. - №3(144)/ 2023. - С. 143-154.
4. Об одобрении Республикой Казахстан Конвенции о биологическом разнообразии и организации выполнения предусмотренных ею обязательств Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 19 августа 1994 г. N 918// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P940000918> (өтініш берген күні: 09.05.2025)
5. Рамочная конвенция Организации Объединенных Наций об изменении климата Принята 9 мая 1992 года//https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/con
6. Биоразнообразие в Казахстане// <https://org.ru/kazakhstan/projects/bioraznoobrazie-v-kazakhstane>(өтініш берген күні: 09.05.2025)
7. Об утверждении лесного кодекса РСФСР: Закон РСФСР от 8.08.1978г. // Ведомости ВС РСФСР. - 1978.- № 32. - Ст. 847
8. Дауда Т. А., Коцаев А. Г. Д Экология животных: Учебное пособие. — 3 е изд., стер. — СПб.: Издательство «Лань», 2015. — 272 с.: ил. — (Учебники для вузов. Специальная литература).
9. Закон Союза Советских Социалистических Республик, 25 июня 1980 г. Об охране и использовании животного мира//<https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/354082-zakon-soyuza-sovetskih-sotsialisticheskikh-respublik-25-iyunya-1980-g-ob-ohrane-i-ispolzovanii-zhivotnogo-mira> (өтініш берген күні: 09.05.2025)
10. Ayling, Julie M. and Ayling, Julie M., A Regulatory Approach to Demand Reduction in the Illegal Wildlife Market (2015). RegNet Research Paper No. 2015/82, (SCOPUS DATABASE JOURNAL)
11. Wildlife Protection Law of the People's Republic of China 2022-12-30// <https://www.chinalawtranslate.com/en/wildlifeprotectionlaw2022>(өтініш берген күні: 09.05.2025)
12. Kullolli, Brunela. Legal regulation of the use of forest resources. Ukrainian Journal of Forest and Wood Science. 15. 97-117. 10.31548/forest/2.2024.97.
13. Анисимов А.П. Правовой режим животных как объекта гражданских и иных правоотношений. Современное право. - 2007. - № 14.
14. Andreikovets, K. At least three thousand dolphins have died in the Black Sea since the beginning of the war. Retrieved from <https://babel.ua/news/80471-vid-pochatku-viyni-u-chornomu-mori-zaginuli-shchonaumenshe-tri-tisyachi-delfiniv>. (өтініш берген күні: 09.05.2025)
15. Матаев Г. О проблеме регулирования численности сайгаков в Казахстане//<https://eri.kz/ru/Mnenija/id=289>(өтініш берген күні: 09.05.2025)

16. Muratova A.Zh, Smanova A.B., Daurembekov E.B Animal cruelty as an indicator of domestic violence//ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Право № 3(144)/2023 Стр.63-70

Г.Б. Телеуев¹, А.Е. Бектурганов², Б.А. Жусипова²

¹Жетысуский университет имени И. Джансугурова, Талдықорған, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ²bakyt-enu@yandex.kz.)

Экологические и биоценотические аспекты правового режима животных

Аннотация: В данной научной статье рассматриваются экологические и биоценотические аспекты правового режима животных. Вопрос охраны животных имеет важное значение для обеспечения экологической устойчивости и сохранения биологического разнообразия. Правовое регулирование играет большую роль в защите животных и сохранении их среды обитания. В настоящее время на законодательном уровне рассматриваются нормы, направленные на защиту животных, их использование, реализацию, а также на сохранение экологического баланса окружающей среды. Экологические аспекты охватывают меры по защите и сохранению животного мира, а также реализацию природоохранного законодательства. Биоценотические аспекты направлены на сохранение взаимосвязей между животными и растениями, обеспечение их условий жизнедеятельности. В статье обсуждаются основные принципы правовой защиты животных, правовые механизмы и меры, направленные на сохранение биологического равновесия в природе. В этом контексте исследование содержит рекомендации по улучшению правового режима животных.

Научная статья подготовлена в рамках реализации проекта АР19679495 «Проблемы регулирования правового режима животных: отечественный и зарубежный опыт», финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Ключевые слова: охрана животных, экологическая устойчивость, биоценология, правовое регулирование, природоохранное законодательство, биологическое разнообразие.

G. Teleuyev¹, A. Bekturganov², B. Zhussipova²

¹Zhetisu University named I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

²L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ²bakyt-enu@yandex.kz.)

Ecological and Biocenotic Aspects of the Legal Regime of Animals

Abstract: This article explores the ecological and biocenotic aspects of the legal regime of animals, highlighting the importance of effective legal regulation in ensuring biodiversity and maintaining ecological balance. Animals play a crucial role in ecosystems, contributing to the stability and health of biocenoses. However, the increasing human impact on the environment necessitates the development of legislative measures to protect wildlife and regulate human interaction with it. The study addresses key issues such as the classification of animals according to their legal status, the differentiation of measures for their protection, and the implementation of international standards in national legislation.

Special attention is given to the legal mechanisms for protecting endangered species and ensuring sustainable management of natural resources. The article also discusses the challenges of harmonizing environmental law with the principles of economic development. Recommendations are provided for improving legislation to strengthen the legal framework for animal protection and promote the integration of ecological considerations into policymaking. The findings emphasize the need for a comprehensive approach to legal regulation that incorporates scientific research and public awareness to achieve effective protection of biodiversity and ecological systems.

The scientific article was prepared as part of the implementation of the project AP19679495 «Issues of Regulating the Legal Status of Animals: Domestic and Foreign Experience», funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Keywords: legal regime, biodiversity, ecological balance, endangered species, environmental law, sustainable management.

References

1. Naughton-Treves, Lisa & Holland, Maggie & Brandon, Katrina. (2005). The Role of Protected Areas in Conserving Biodiversity and Sustaining Local Livelihoods. Oct Annu. Rev. Environ. Resour. 17. 219-52. 10.1146/annurev.energy.30.050504.164507(SCOPUS DATABASE JOURNAL)
2. Konventsiya o biologicheskom raznoobrazii — mezhdunarodnoe soglasenie, prinyatoe v Rio-de-Zhaneiro 5 iyunya 1992 goda. // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/biodiv.shtml (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
3. Mūqasheva A.A., Ibraev A.S., Bolatbekova I.K. Sobludenie balansa svobody veroispovedaniya i prav zhivotnykh. Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya Pravo. – Astana, 2023. - №3(144)/2023. - S. 143-154.
4. Ob odobrenii Respublikoy Kazakhstan Konventsii o biologicheskom raznoobrazii i organizatsii vypolneniya predusmotrennykh eyu obyazatelstv Postanovlenie Kabineta Ministrov Respubliki Kazakhstan ot 19 avgusta 1994 g. N 918 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P940000918> (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
5. Ramochnaya konventsiya Organizatsii Ob"yedinennykh Natsiy ob izmenenii klimata Prinjata 9 maya 1992 goda // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/con (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
6. Bioraznoobrazie v Kazakhstane // <https://org.ru/kazakhstan/projects/bioraznoobrazie-v-kazakhstane> (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
7. Ob utverzhdenii lesnogo kodeksa RSFSR: Zakon RSFSR ot 8.08.1978g. // Vedomosti VS RSFSR. - 1978.- № 32. - St. 847
8. Dauda T. A., Koschaev A. G. D. Ekologiya zhivotnykh: Uchebnoe posobie. — 3-e izd., ster. SPb.: Izdatel'stvo «Lan'», 2015. — 272 s.: il. — (Uchebniki dlya vuzov. Spetsial'naya literatura).
9. Zakon Soyuzu Sovetskikh Sotsialisticheskikh Respublik, 25 iyunya 1980 g. Ob okhrane i ispol'zovanii zhivotnogo mira // <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/354082-zakon-soyuza-sovetskih-sotsialisticheskikh-respublik-25-iyunya-1980-g-ob-okhrane-i-ispolzovanii-zhivotnogo-mira> (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
10. Ayling, Julie M. and Ayling, Julie M., A Regulatory Approach to Demand Reduction in the Illegal Wildlife Market (2015). RegNet Research Paper No. 2015/82. (SCOPUS DATABASE JOURNAL)
11. Wildlife Protection Law of the People's Republic of China 2022-12-30 // <https://www.chinalawtranslate.com/en/wildlifeprotectionlaw2022> (өтиніш берген кыні: 09.05.2025)
12. Kullolli, Brunela. Legal regulation of the use of forest resources. Ukrainian Journal of Forest and Wood Science. 15. 97-117. 10.31548/forest/2.2024.97.

- 13 Anisimov A.P. Pravovoy rezhim zhivotnykh kak ob"ekta grazhdanskikh i inyh pravootnosheniy. Sovremennoe pravo. - 2007. - № 14
14. Andreikovets, K. At least three thousand dolphins have died in the Black Sea since the beginning of the war. Retrieved from <https://babel.ua/news/80471-vid-pochatku-viyni-u-chornomu-mori-zaginulishchonaymenshe-tri-tisyachi-delfiniv>. (өтініш берген күні: 09.05.2025)
15. Mataev G. O probleme regulirovaniya chislennosti saigakov v Kazakhstane // <https://eri.kz/ru/Mnenija/id=289>(өтініш берген күні: 09.05.2025)
16. Muratova A.Zh., Smanova A.B., Daurembekov E.B. Animal cruelty as an indicator of domestic violence // VESTNIK Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya Pravo No 3(144)/2023 Str. 63-70.

Авторлар туралы мәліметтер

Телеуев Г.Б. – хат-хабар авторы, PhD философия докторы, құқық және экономика факультетінің деканы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Жансүгіров көшесі 187. 050043, Талдықорған, Қазақстан

Бектұрғанов А.Е. – заңғылымдарының докторы, профессор, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Жусипова Б.А. – заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті Сәтбаев көш., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Телеуев Г.Б. – автор корреспонденции, доктор философии PhD, декан факультета права и экономики, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица Жансугурова 187, 050043, Талдықорған, Казахстан

Бектурганов А.Е. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Жусипова Б.А. – кандидат юридических наук, доцент кафедры Конституционного и гражданского права Евразийский национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Teleyuev G. – the author of the correspondence, PhD, Dean of the Faculty of Law and Economics, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Zhansugurova street 187. 050043, Taldykorgan, Kazakhstan

Bekturganov A. – Doctor of Law, Professor, Head of the Department of Constitutional and Civil Law L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str, 2, 010000, Astana, Kazakhstan

Zhussipova B. – candidate of legal sciences, Associate Professor of the Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str, 2, 010000, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).